

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ЖАСТАР – ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАНЫҢ МАҢЫЗДЫ РЕСУРСЫ

Калиева Алия Альбековна

aliya_kali.95@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – профессор Калиев Наубат Калиевич

Еліміздің әлеуметтік жаңғыру стратегиясының бүкіл тағдыры, сапасы мен болашағы жастарға, олардың осы іске қатысуының тереңдігіне байланысты. Осыны бүгінгі қоғам әбден бағамдап, бағалап, ерекше қатерінде ұстауы керек деп есептейміз. Қоғамды жаңарту, жаңғырту қашанда жастардың миссиясы екендігін үнемі есте ұстау қажет. Осы ретте Абай кемеңгердің мына бір жолдары еріксіз ойға түседі:

Жастықтың оты жалындап,
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арындап,
Әр қиынға салған шақ [1].

Дана ақынның осы бір өлең жолдарынан қоғамды түлете алатын қабілеті бар, қиындықтардан қорықпайтын, білім мен жігердің «арындаған атына» мінген жастарды анық байқаймыз. Демек, жастарды әлеуетті әлеуметтік ресурс ретінде елдің институционалдық реформасына жұмылдыру – Қазақстан Республикасының стратегиялық мәселесі.

Жастар проблемасы еліміздегі саясаттану ілімінің теориясы мен практикасының да бел ортасында тұруы керек. Өйткені бұл ілімнің басты мақсаттарының бірі – жастардың саяси мәдениетін қалыптастырып, саяси белсенді азамат етіп тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің ішкі саясатының негізгі бағыттарын жаңаша анықтаған мына еңбектерінде жастар мәселесі, олардың елдің дамуындағы айрықша орны айтылады:

- «Қазақстан – 2050» стратегиясында;
- Елбасының VI шақырылымдағы ҚР Парламентінің бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде;
- **«Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес халықтық реформа» Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзінде.**

Мемлекет басшысының аталған еңбектерінде жастардың еліміздің жаңғыруындағы орны мен рөлі туралы пайымдаулары, қоғам мен мемлекет алдына қойған міндеттерін жинақтай айтсақ, біздің ойымызша мынаған келіп саяды:

- Жастардың белсенді де нақтылы қатысуынсыз еліміздің алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық жаңғырудың күрделі міндеттерін шешу мүмкін емес;
- Елімізді жаңғырту үдерісіне жастардың қатысуының сапасы мен ауқымын арттыру үшін жастардың әлеуметтік-құқықтық проблемаларына мемлекет, бүкіл қоғам, әр отбасы ерекше көңіл бөлуі керек;
- Жастар проблемасын, олардың қоғамдағы айрықша қоғамдық-демографиялық топ ретіндегі әлеуметтік жағдайы мен мүдделерін, дүниетанымы мен қызығушылықтарын, саяси бағдары мен саяси мәдениетін білу, талдау.

Мемлекет басшысы еліміздің әлеуметтік жаңғыруының өзекті мәселелерін сөз еткенде жастар проблемасына ерекше назар аударады. Оның өз себебі бар. Әрине, **біріншіден**, ол табиғи да заңды – кез келген қоғамның даму болашағы, алға қойған міндеттердің түбегейлі орындалуы, ең алдымен, оған жастардың қатысуының сапасы мен ауқымына тікелей байланыстылығынан туындайды.

Екіншіден, жастар еліміздің болашағы ғана емес, нақты статистикалық деректерге сүйенсек, қазіргі кезеңде де олар Қазақстанның қоғамдық өмірінің көптеген салаларына

шешуші орын алып отырған әлеуетті әлеуметтік-демографиялық күш. Мысалы, бүгінде, еліміздегі халықтың 25 пайызын 14-29 жас аралығындағы жастар құрайды [2, 8 б.].

Үшіншіден, еліміздің алдында тұрған сан-салалы, үдемелі индустриялы-инновациялық даму стратегиясының орындалуы көп ретте оған білімді жастардың, жас мамандардың қатысуының ауқымы мен сапасына байланысты.

Төртіншіден, жастардың әлеуметтік жағдайындағы, тәрбиесі мен құқықтық тәртібіндегі қордаланған проблемалар.

Қазақстандағы қазіргі жағдай қоғамның әлеуметтік құрылымында күрделі де түбегейлі өзгерістермен, әлеуметтік топтардың ара жігінің айқындалып, барған сайын айқын ажыратылуымен сипатталады. Осындай жағдайда қазақстандық қоғамның дамуы мен болашағы үшін бойында үлкен инновациялық, жаңашылдық, шығармашылық әлеуеті бар, ескі көзқарастардан таза, тәуелсіздік жылдары есейіп, көбі осы жылдары дүниеге келген, соның құрдасы болып келетін жастар сияқты әлеуметтік күштің позициясы мен ұстанымдары, құндылық бағдары ерекше маңызға ие.

Қазақстандық демограф және әлеуметтанушы ғалымдардың пікірінше, қазақстандық жастар деп – қоғамда қалыптасқан қоғамдық және экономикалық байланыстар мен қатынастарға толық етене еніп, жақындасып кете қоймаған, оларға қосар аса әлеуетті мүмкіндіктері мен ресурстары міндеттеріне қарағанда бостандықтары мол, ескі, консервативтік құндылықтардан біршама алда, мемлекет пен қоғам тарапынан едәуір мөлшерде әлеуметтік-моральдік қолдауға ие әлеуметтік демографиялық топты атайды.

Қазіргі уақытта қазақстандық жастар қоғамның әлеуметтік-демографиялық құрылымындағы ірі әлеуметтік топтардың қатарына жатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне сүйенсек, Қазақстан Республикасының 14-29 жас аралығындағы жастардың саны 2014 жылдың басында 4 293 353 адамды құрады (1-сурет) [2, 8 б.].



1-сурет

Жиырма екі жылдың ішінде жастар саны 286 639 адамға артқан (4,75%). Ал қазіргі қазақстандық қоғамның құрылымында жастар 25,01% құрайды. Ауыл жастарына (45,1%) қарағанда қала жастарының (54,9 %) үлесі басым [2, 8 б.].

«Әрбір қоғамның ілгерілеуі реформалардың жүзеге асырылу үдерісіне жастар өкілдерінің қатысу дәрежесімен анықталады. Мұның өзі, бір жағынан олардың елдің халқының құрамындағы көптігімен, ал, екінші жағынан, жастардың жас ерекшелігіне орай жаңалыққа бейімдігімен байланысты. Олар ескіргеннің бәріне сыни тұрғыдан қарайды, керенаулық пен кертартпалыққа, тоқырауға төзбейді, өзгерістерге неғұрлым бейім болады» [3, 9-10 б.], - деп жазады ғалым Л.Зайниева. Осы пікірді ескере отырып, қазіргі кезде дамудың жаңа жолына түскен мемлекетіміздің алдында жаңғыртудың жаңа, көлемді міндеттері тұрғанын айта кеткен жөн. Қазақстан басқа дамыған елдермен терезесі тең қарым-қатынас орнатып, «әлемдік көштен» қалмай жүруі үшін болашаққа бастар жол – бес институционалдық реформаны қабылдады.

Ұлт жоспары – мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамы жарияланды. «100 нақты қадам» – бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары. Жоспардың негізгі мақсаты «аурулардың сыртқы белгілерін» сылап-сипап қою емес, оларды «жүйелі емдеу» болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге бағытталған. Аталмыш реформаның бірінші бағыты – кәсіби мемлекеттік аппарат құру. Алғашқы 15 қадам – осы бағыттың нәтижесіне жеткізуші баспалдақтар.

Бүгінгі күні жастардың мемлекеттік қызметке тартылуы қуантарлық жайт. Себебі, олар мемлекеттік маңызы бар өткір мәселелерді талқылап, талдау жасап, өз ұсыныстарын қалыптастыру арқылы саяси сауаттылық көрсеткішін арттырады. Жастар арасында кәсіптік қызмет ретінде мемлекеттік қызметшінің беделі жоғары. 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің деректерін талдау республика бойынша барлығы 22306 жас мемлекеттік қызметші бар екенін көрсетті (29 жасқа толмаған), оның 2-еуі саяси қызметші, 22304-і – әкімшілік қызметші. Орталық мемлекеттік органдардағы қызметшілердің үлесі жоғары – 13 103 (оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің аппаратында – 36, Сенатта – 19) (2-сурет) [2, 63 б.].



2-сурет



3-сурет

Жас мемлекеттік қызметшілердің жалпы санынан жергілікті атқарушы органдарда еңбек ететін жас қызметшілердің үлес салмағы 41,2 %-ды құрады. Жергілікті атқарушы органдардағы жас мемлекеттік қызметшілердің ең жоғары көрсеткіші Оңтүстік Қазақстан (961 адам), Алматы (834 адам) облыстарына тиесілі. Олардың үлесі Атырау облысы (296 адам) мен Астана қаласында (290 адам) өте аз (3-сурет) [2, 63 б.].

Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттыруда бес институционалдық реформаның маңызы зор. Оның ішінде 3-бағыт – индустрияландыру және экономикалық өсім бағытын ерекше атап өткен жөн. 50 қадамнан тұратын 3-бағытта кәсіпкерлікті қолдау, жастардың кәсіби дамуына жағдай жасау, кәсіби-техникалық білім, кадрларды қайта даярлау арқылы жаңа технологияны меңгеру туралы мәселелер сөз болады.

Статистика мәліметтері бойынша 15-28 жас арасында 2010 жылы жұмыспен қамтылғандар саны – 2180,4 мың адам болса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 2255,6 мың адам жеткен. «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы дайындаған «Қазақстан жастары – 2014» Ұлттық баяндамасының нәтижесіне сүйенетін болсақ, экономикалық қызмет түрлері бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыс істейтін жастар саны 2010 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеді. Мәселен, 2010 жылы «ауыл, орман, балық

шаруашылығында» - 718,6 мың адам еңбек етсе, 2014 жылдың II тоқсанында еңбек ететін жастар саны 562,9 мың адамға дейін төмендеген [2, 48 б.]. Бұл, әрине, ауылдағы экономикалық өсімнің азаюы мен ауыл жастарының қалаға қоныс аударуына байланысты болып отыр. Десек те, құрылыс, ақпарат және байланыс, сақтандыру мен қаржылық қызмет салаларына жастардың қатысу үлесі артты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша 14-24 жас аралығындағы жастарды техникалық және кәсіби білім беру жүйесімен қамтудың республикадағы орташа көрсеткіші 16,2 %-ды құрайды (01.01.2014 ж. жағдай бойынша). Өңірлер бойынша 2013-2014 жылдары техникалық және кәсіби білім беру жүйесімен қамтудың ең жоғары көрсеткіштері Алматы қаласында тіркелген: тиісінше 22,9 % және 22%. Осы жас аралығындағы жастарды техникалық және кәсіби білім берумен қамтудың ең төменгі көрсеткіші 2013 және 2014 жылдары Алматы (9,8 % және 9,4 %), Оңтүстік Қазақстан (13,1 % және 13,2 %) және Жамбыл (15,9 % және 14,2 %) облыстарында байқалған [2, 40 б.].

Жастардың «Болашақ» бағдарламасына қатысуы қазақстандық білім мен ғылым жүйесінің әлемдік қауымдастықпен ынтымақтасуының маңызды көрсеткіштерінің біріне айналған. «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ның деректері бойынша, 18-28 жас аралығындағы 1297 жас стипендия иегері атанған, бұл жалпы «Болашақ» бағдарламасы стипендианттарының (жалпы саны 2061 адам) 63 пайызын құрайды [2, 40 б.].

Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел. Ол 5 институционалдық реформаның 4-бағытына «Біртектілік пен бірлік» деген атпен еніп отыр.

«Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық», - деді Елбасымыз айтқандай, болашағымызға бағдар болып, үлкен мақсаттарға жетелейтін «Мәңгілік Ел» жобасы әзірлену үстінде [4].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Бес институционалдық реформасында» жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру, индустриалдық, энергетикалық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта кәсіпкерлікті, халықтың іскерлік белсендігін қолдау бойынша маңызды міндеттер белгіленді. Бұл міндеттердің барлығын тек отансүйгіш, дені сау, жасампаз, өзіне сенімді, креативті, еңбекқор және белсенді жастармен қол жеткізуге болады. Еске сала кетейік, жастарды қолдаудың тағы бір мүмкіндігі – 1999 жылы Елбасымыздың өкімімен бекітілген «Қазақстан – 2020: Болашаққа айқын жол» атты Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Мақсаты да анық: жастардың өзін-өзі дамытуы үшін құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық шарттарды жетілдіріп, оның әлеуетін еліміздің ілгері дамуына бағыттау. Міндеттері де белгілі. Ең негізгісі – қазақстандық жастар проблемасын шешу. Қазақстанның болашағы кейінгі толқынның дамуына, олардың қоғамдағы мәртебесіне байланысты, ал оның негізі бүгіннен қалыптасады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://abai-inst.kz/>
2. «Қазақстан жастары - 2014» Ұлттық баяндамасы. Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова және басқалары. – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2014. – 270б.
3. Зайниева Л.Ю. Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында. – 2-ші бас. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 284 б.
4. <https://strategy2050.kz>